

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 8 маусымдағы № 198 қаулысы

Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аудан әкімдігінің төмендегі:

1) 2010 жылғы 5 наурыздағы № 58 "Қобда ауданы халқының нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 31 наурыздағы № 3-7-90 тіркелген, аудандық "Қобда" газетінде 2010 жылы 8 сәуірде жарияланған);

2) 2013 жылғы 28 қаңтардағы № 12 "Қобда ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 ақпандағы № 3534 тіркелген, аудандық "Қобда газетінде 2013 жылы 28 ақпанда жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Жүсібалиев